


**САУЫТБАЕВ Арғынбек**



1902 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданы Байғабыл аулында дүниеге келген. Ол Соғысқа дейін колхозда жұмыс істеген. 1941 жылы Торғай АӘК-нан шақырылып, Ұлы Отан соғысына алынады. Челябин облысының Шұбаркөл станциясында әскери дайындықтан өткен соң, майдан шебінде жеке барлаушылар ротасында барлаушы жауынгер болған.

Соғыс жылдары талай шайқастарда болып, елді мекендерді фашист басқыншыларынан азат етуге қатысты. 1942 жылы жау шебін барлауда жүргенде құлақ тұсынан жараланып, медсанбатқа түседі. Одан кейін бас сүйек жарақаттарын емдейтін Томск госпиталінде ұзақ емделіп, қайта соғысқа аттанып, екінші рет аяғынан жарақаттанып, 2-ші топтағы мүгедек болып елге екі балдақпен оралады. Жауынгерлік үш медальмен марапатталған.

Елге 1943 жылы жазда оралды. Соғыстан келгеннен кейін 1 Май атындағы колхозда, одан кейін сол кездері жаңадан құрылған «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы кеңшардың екінші бөлімшесінде малшаруашылығында түрлі жұмыстар істеді.

Отбасында Балапан апамыз екеуі алты баланы және соғыстан оралмаған Тұрғымбек інісінің балаларын тәрбиелеп жеткізді.

Бүгінде ұл-қыздарынан тараған ұрпақ аман-есен түрлі кәсіп пен мамандық иелері. Көзі тірісінде ағайын-туысқа қайырымдылықпен қарайтын ақсақал ретінде құрмет, беделге ие болды. 1969 жылы 67 жасында дүниеден өтті.





Бейбіт күнге жеткізген осы ардақты азаматтардан тараған біздің бүгінгі әулет оны мәңгі есінде сақтайды және оның ерлігін мақтанышпен еске алады.

